

**Аягөз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы № 8/124-VII "Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 15/286-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 3 қазанда № 347-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 19/356-VIII шешімі

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Аягөз аудандық мәслихатының 19.12.2024 № 19/356-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Аягөз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Аягөз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 25 қазандағы № 8/124-VII "Аягөз ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25072 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасының 3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 12 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аягөз аудандық мәслихат төрағасы*

*А. Ибрайшин*